

# ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТАҢДАУЛЫ 25 КІТАБЫ

Рене Декарт (1596–1650)

2-тарау. Жаңа дәуір философиясы.  
Ағартушылық философия



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 2. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философия  
Дәріс: 4. Рене Декарт (1596–1650)

## Ақыл-ойыңды дұрыс бағыттап, ақиқатты ғылымнан іздеу әдісі туралы пайым (1637)

### Қазіргі заман философиясының негізін салушы

Декарт мұрасы – философия тарихындағы маңызды кезең. Гегель «Философия тарихына арналған дәрістерінде» Декарт туралы: «...қазіргі заман философиясының нағыз негізін қалаушы, өйткені ол ойлауды ұстаным ретінде биік тұғырға көтерді. Оның өз дәуіріне және біздің заманымызға тигізген ықпалының тұтас ауқымын көзге елестетудің өзі мүмкін емес. Ол – заттардың түпнегізін қайта қарастырған және тұтас мың жыл өткеннен соң тұғырына оралған, философияның конституциясын жасап шыққан нағыз қаһарман», – деген болатын.

Біздің үлесімізге Декарттың мұрасындағы негізгі шығарманы анықтау ғана қалды. «Әдіс туралы пайым» немесе «Метафизикалық толғаныстар» – осы екі еңбектің біреуін таңдау барысында біраз ойлануға тура келді. Екі шығарманың да философияның дамуына тигізген ықпалы орасан зор. Сонымен қатар философиялық ойды жаңа, берік іргетасқа орнықтыру тұрғысындағы автордың негізгі ойына екеуі де сәйкес келеді. Ойлана келе, ілгерірек жазылғанына қарамастан, «Әдіс туралы пайымды» таңдап алдық. «Толғаныстарда» көп дүние айқындалған, өйткені шығарма философиялық қауымдастық ықыласпен қабылдай қоймаған «Пайымға» түсіндірме беру мақсатымен жазылған еді. Мәселе оқырмандардың Декартты екіұдай қабылдауында еді.

Философ Францияның Турен провинциясындағы Лаэ қалашығында өмірге келді. Атақты Ла-Флештегі иезуиттік қоғамның Корольдік колледжін тәмамдап, құқық лицензиаты дәрежесін алады. Оқуын аяқтай сала, ел көріп, жер тану мақсатымен біраз уақытын Еуропаны аралауға арнады. Содан соң Мориц Нассау ханзаданың нидерландық әскери қосына ерікті болып қабылданды. Бозбала кезінде қолданбалы ғылымдарға қызығушылық танытты. Голландиялық жас ғалым Исаак Бекманмен таныстығынан кейін физика, математика және геометриядан білімін жетілдіреді. Күрделі геометриялық есептер қандай қиын болса да, олардың барлығын шешу үшін 1619 жылдың қараша айы ортақ әмбебап әдісті ойлап тапқысы келді. Ғылыми ізденісін тереңдеткен сайын, білімнің қай саласынан болсын адам ақыл-ойының алдында тұрған барлық мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін әрқилы салаларға тән ортақ әдіс жасап шығаруға болмас па екен деген сұраққа жауап іздейді. Декарт бүкіл ғылымдар бәйтеректің бұтақтары тәріздес, жинақтап келгенде, біртұтастық екенін түсінді. Бір күні түс көрген жас ғалым онда бүкіл ғылымды жаңарту мәртебесі өзіне жүктелуін Тәңір қалауы деп түсінді. Ол геометриядан бастайды. 1628 жылы тағы да бірқатар метафизикалық идеяларды ұсынып, кейін оларды «Толғаныстарда» жалғастырады. Бірақ ол негізінен сол уақытта физикамен айналысып, «Әлем немесе Жарық туралы трактатын» жазған еді. Әйтсе де Галилейдің инквизиция сотына тартылғанын естіген ғалым 1633 жылы еңбегін жариялаудан тартынды. Өз әдісін пайдалануға болатын салаларды көрсету үшін «Диоптрика», «Метеорлар» және «Геометрия» трактаттарын жариялайды.

«Әдіс туралы пайым» басынан осы аталған кітаптарға алғы сөз ретінде ойластырылған еді. Бұл шығармаға ғалымдар аса қызығушылық танытпағаннан кейін, ол оны өңдеп, құрылымын өзгертуге шешім қабылдайды. Нәтижесінде «Толғаныстар» жарық көреді. Әйтсе де бұл еңбегіне де ғалымдар жылы шырай танытпайды. Бұдан соң философ дүйім жұрт ыстық ықыласпен қабылдайды деген ниетпен өз шығармасының негізгі принциптері арқау болған, оқу құралы түрінде жазылған «Философия негіздері» еңбегінде баяндайды. Зиялы қауымның, ең алдымен, ақыл-ойын дамытып, мінез-құлқын тәрбиелеу үшін даналыққа құмарлық ілімі, яғни философия қажет. Содан соң Декарт «Негіздердің» француз тіліндегі басылымына ауқымды алғы сөз жазады. Декарт Богемиялық Елизавета ханшайыммен мораль тақырыбында ұзақ уақыт хат жазысып тұрады. Осы хаттардың негізінде ол «Жанның ырықсыз күйлері туралы» ең соңғы шығармасын жазған. Өмірден шаршап, әбден қалжыраған философ Швецияда, Кристина ханшаның сарайынан пана табады. 1650 жылы 11 ақпан күні сонда дүние салады.



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 2. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философия  
Дәріс: 4. Рене Декарт (1596–1650)

## Түйін

Шығарманың қысқаша алғы сөзінде Декарт «Пайымның» алты бөлімнен тұратынын хабарлайды.

### 1. Ғылымдарға қатысты ойлар

Бәрінен де әділі – дұрыс ойлау. Егер адамдар арасындағы пікірлер сан қилы болса, ол кейбіреулердің ақиқатты тануға өресінің жету-жетпеуінде емес, адамдардың өз ақыл-ойын жақсы басқарып, ал қайсыбірінің оны дұрыс пайдаланбауында. Декарт өзі мәнін аша алған әдіс туралы айтайын дегенін кеңінен ашып түсіндіреді. Философ өз өмірін Ла-Флеш колледжіндегі оқуы туралы баяндаудан бастайды. Ондағы тамаша ұстаздары Декартты философия, математика, гуманитарлық ғылымдар салаларының кең ауқымымен таныстырды. Кейін Декарт заң ғылымын оқып, одан кейін аздап медицинаны да зерттейді. Бұл сабақтың бәрі философтың бойына өмірге қажетті бүкіл дүниенің «анық-қанығын» білдім деген сенімді ұялата алмады. Сондықтан философ ғылымды тек кітаптан тануды місе тұтпай, әлемді өз көзімен көрмек болып, саяхатқа шығады. Дегенмен қарапайым адамдардың әдет-қылықтарынан философтардың көзқарастарынан кем түспейтін саналуандықты көрді. Сонда ғана ғалым ақиқатты тек өзінен іздеуге шешім қабылдады.

### 2. Әдістің негізгі ережелері

Адамдардың күйбең тіршілігінен безіп, жырақтан пана тапқан Декарт білімнің барлық салаларында интеллектуалды жағынан көңілге қонымды дүние тек жалғыз авторға тиесілі екені туралы көп ойланды. Сондықтан ол түрлі түпнұсқаларда берілген тұжырымдардан бас тартып, тек қана өз ақылына сүйенгенді жөн көреді. Философ өзінің қарапайым жорамалдарының жалпыға ортақ ережеге айналуына таласы жоқ екенін аса сақтықпен жеткізеді. Әйтсе де олардың кеңінен таралуы екіталай еді, себебі автордың жүріп өткен жолын санаулы жандар ғана қайталай алады. Декарт оқыған ғылымдарының ішінен сынға бағынбайтыны – тек логика, геометрия және алгебра. Осы ғылымдар турасында ойланған философ нақты ойлау әдісінің негізіне төрт ережені тұжырымдап, ұйғарады:

- Көзім анық жетпеген нәрселерді ақиқат ретінде қабылдамау, яғни асығыс әрі теріс ұғымдардан бойымды аулақ салу, сондықтан күмән туғызбайтын, ақылыма анық-қанық көрінгендерін ғана өз пікірлеріме қосу.
- Қарастырып отырған қиындықтарымының әрқайсысын дұрыс шешу үшін оларды тиісінше жіліктеп, жеке бөліктерге бөлу керек.
- Ең қарапайым және оңай танылатын заттардан бастап бірте-бірте сатымен көтерілгендей ең күрделісіне дейін танып, өз ойларымды нақты тәртіпке бағындыра орналастыруым керек. Тіпті табиғи жағдайда бір-бірінен озбайтын құбылыстардың ішінде де өзіндік тәртіп болуы мүмкіндігін ескеру керек.
- Ештеңені қалт жіберіп алмағанымызға сенімді болу үшін әрқашан «мейлінше толық тізіммен бәрін қамтитын шолу» жасап отыру қажет.

Осы төрт ережені тұжырымдай келе, автор оларды өзі ең қарапайым пән деп тапқан математикаға қолдануды ұйғарды. Геометрия мәні жағынан қиялға және таза алгебралық есепке саяды деп санаған Декарт геометриялық есептерді шешуге алгебралық тәсілді қолдануды жөн деп тапты. Бұл ой осыған дейін мүлдем шешімі табылмайды деп саналған мәселелердің түйінін тарқатуға және алғаш рет кейбір мәселелерді шешудің ортақ тәсілдерін жасауға жол ашып берді. Сонымен қатар ғалым бұл әдіс философияда және басқа да ғылымдарда пайдалануға лайық деп жорамалдады. Бірақ бұл іске өзін аса дайын емеспін деп санаған ол, осы гипотезасын тексеруді кейінге шегерді.



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 2. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философия  
Дәріс: 4. Рене Декарт (1596–1650)

### 3. Осы әдістен алынған моральдің бірнеше ережесі

Ғылымдар иерархиясында мораль соңында орналасқан. Оның бар екенінің өзі басқа ғылым салаларының бәрі қалыптасып болғанын білдіреді. Дегенмен өмір бір орында тұрмайды. Ол философтан айқын моральдық принциптерді жасағанға дейін де қарекет етуді талап етеді. Сондықтан Декарт уақытша бірнеше практикалық ережені назарға алуды ұйғарады. Ол бұл ережелерді мінсіз ақиқат деп есептемейді, әйтсе де бақытты өмір сүру үшін соның өзі әбден жеткілікті деп біледі. Бірінші ереже – туған еліңнің заңдары мен әдет-ғұрыптарына бойсұну, уыз тәрбиімен көкірегіңе құйылған дініңе адал болу, айналаңдағы парасатты жандардың көзқарастарына жүгіну. Екінші – өз ұстанымыңды таптым деп шешсең, сол ұстанымыңа беріктік таныт, мейлі ол күмәнді, дүдәмал пікір болса да, талассыз, дұрыс деп сана. Үшінші – тағдырыңды емес, өзіңді өзгертуге тырыс. Күллі әлемді жақсартам деп әуре болғанша, алдымен өзіңнің тілектеріңді өзгерт.

Декарт адам баласы айналысар істердің бәрін тексеріп, ішінен ең жүйрігі – философияны таңдайды. Қалған ғұмырын осы ғылымға, дүниенің ең әуелгі сырын, негізгі ақиқатын іздемекке арнаймын деп шешеді. Ғалым өз әдісін тәжірибеде жетілдіру үшін тоғыз жыл бойы әлемді шарлайды.

### 4. Құдайдың бар екенін/адам жанының мәңгілігін дәйектейтін дәлелдер (метафизика негіздемелері)

Декарт өз күшіне толық сенімді болған соң метафизиканы зерттеуге кіріседі. Ғалым анық және нақты емес нәрселердің бәрін мойындағысы келмейді. Басқаның бәріне ол күмәнмен қарайды. Бірақ кез келген нәрсенің жалғандығын білу үшін ойлану қажет. Ал олай болса, ойлайтын біреу өмір сүруі тиіс. Осыған сәйкес, Декарт метафизикасының бірінші принципі – «Мен ойлаймын, демек, мен өмір сүремін». Бірақ нақты не өмір сүреді? Кез келген материалдық субстанцияға тәуелсіз Ой өмір сүреді. Ойдың тәннен өзгешелігі анық. Метафизиканың бірінші принципіне сәйкес бұл ереже айқын, өйткені ол анық әрі нақты. Осы негізде философ идеялардың нақтылығы ақиқатты анықтауға мүмкіндік беретін өлшем болады деген ойға келеді. Осы пайымдаудан Құдайдың бар екені анықталады. Философтың өзінің өмір сүретінін сезінуге мүмкіндік берген ойлау процесі – күмәндану. Ал күмәндану – толық жетілмегендіктің белгісі, яғни адам кемеліне келмеген. Бірақ жетілмегендік идеясы кемелдік идеясының бар екенін білдіреді. Бұл идеяның бар болуының себебі қандай? Себеп өзінің салдарындай нақты болуы керек сияқты, кемелдік идеясы кемел тіршіліктің бар болуын да топшылайды. Олай болса, Құдайдың бар екені, шынымен, рас. Егер кемеліне келмеген тіршілік иесінде кемелдік идеясы бар болса, онда ол өз тіршілігінің жаратушысы бола алмайды. Әйтпесе, ол өзі қалаған жақсы қасиеттердің бәрін бойына жинап алар еді. Демек, біздің болмысымыздың және санамыздағы кемелдік идеясының жаратушысы – Құдай бар болуы тиіс. Осыдан автор Құдайдың кемелдігін көрсетеді. Құдайда еш мін жоқ. Бүкіл дүние Оған тәуелді. Онсыз ештеңе де бір сәт те өмір сүре алмас еді.

Декарт Құдайдың бар екенін дәйектей келе, сыртқы объектілерге ауысып, олардың бәріне күмәнмен қарайды. Әуелдегі анықтық пен нақтылық өлшемін пайдалана отырып, геометриялық кең өрістің қасиеті мен бірқатар теоремаларды қарастырады. Біз бұл жерде оларға тоқталмаймыз. Бұл – философқа Құдайдың болмысына тағы бір дәлел келтіруге мүмкіндік береді. Геометриялық пішіндердің әсемдігі мен анықтығы да олардың көктен берілгенін көрсетіп тұр. Бірақ кемел тіршілік иесі туралы идеяны қарастырғанда, кез келген үшбұрыштың қасиеті үшбұрыштың идеясында жатқаны сияқты, ол да өзінің бар болуының қажеттігін көрсетеді деп шешуге болады. Олай болса, Құдай бар. Мұны нақты біле отырып, сыртқы тіршіліктің бар екенін де түсінуге болады. Егер Құдай кемел болса, онда Ол – шыншыл. Біздің анық және нақты идеяларымыз жалған болып шықса, бұл Құдайдың бізді алдағанын білдірер еді. Бірақ бұл мүмкін емес. Жалған сезімдер мен елестердің құрбаны болмас үшін біз



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 2. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философия  
Дәріс: 4. Рене Декарт (1596–1650)

тек зейінді болуымыз қажет. Геометриялық кеңеріс бар екенін айта отырып, қателеспейтінімізге сенімдіміз. Бұл – әлемдегі біз анық және нақты қабылдай алатын жалғыз зат.

## 5. Физиканың кейбір мәселелері. Жүректің қозғалысы. Адам мен жануар жанының айырмашылығы

Өзінің метафизикалық пайымдауларынан Декарт бірқатар физикалық ақиқаттарды шығарады. Ол «Жарық туралы трактатының» мазмұнын қысқаша баяндайды.

Жарық мәселесінен бастаған ғалым өзіне белгілі білімді бір жүйеге түсіреді: жарық шашатын күн, жарық өтетін аспан, Жер және оған шағылысатын өзге планеталар, жарықты бақылайтын адам туралы және т.б. Осылайша, табиғатты тек қана геометриялық кеңеріс принциптері негізінде түсіндірген жөн. Тіпті қозғалыс заңдары да Құдайдың кемелдігінен болады. Ғалымдар әлемнің пайда болу тарихы туралы пікір таластырады. Мүмкін бәрі Декарт айтқаннан басқаша өрбіген шығар. Бірақ ол Құдайдың бір өзі себепкер болып дүниені жаратқанына сенімді. Одан әрі Декарт жүректің қозғалысы мәселесін қарастырады. «Жүрек – ыстық ағза» деп тұжырымдайды ол. Қан жүрек қарыншаларына құйылып, сол жерде жылдам ұлғайып, диастола болады. Содан кейін қан артериялар арқылы қозғалып, тамыр соға бастайды. Жүрек жиырылған соң қан тағы құйылады.

Бүкіл процесс қайталанады. Осылайша, жүректің қозғалысы механика заңдарына бағынады. Жануарлардың дене жылуы да механикалық қозғалыс нәтижесінде қалыптасады. Сондықтан жануарларды қарапайым автомат деп есептеуге болады. Осыдан Декарт жануарларда жан болмайды деген тұжырымға келеді. Оның дәлелі – жануарлар сөйлей алмайды, сондықтан оларда сана да болмайды. Олардың адамнан түбегейлі өзгешелігі де осында. Тіпті ең ақымақ деген адамның өзі сөйлей алады. Ал ең ақылды жануардың өзінде мұндай қасиет жоқ. Басқаша айтқанда, жануарлар дегеніміз – жетілдірілген автоматтар. Осы талдау жанның мәңгілігін мойындамайтын еркін ойлылардың «Егер адамның жаны мәңгілік болса, онда жануарлардың жаны да сондай мәңгілік» деген пікірін терістеуге мүмкіндік береді. Декарт философиялық пайымдауларында одан да терең бойлай түседі: ол жанның тәннен бөлектігін дәлелдейді.

## 6. Табиғатты зерттеуде алға басу үшін не қажет? Философқа осы кітапты жаздырған себептер

Галилейдің айыпқа тартылғаны туралы суыт хабардан кейін Декарт өзінің «Жарық туралы трактатын» жарияламайды. Философ «шығарманы жұртшылыққа таратудың қаншалықты қажеттігі бар?» деп өзіне сұрақ қояды. Бір шешімге келе алмаған соң, еңбектің шығуын құптайтын және оған қарсы болатын себептерді оқырман төрелігіне ұсынады. Құптайтын себептер: ғалым адамды табиғаттың қожасы мен иесі ететін және медицинаға математика тұрғысынан қарау мүмкіндігін ашу арқылы адамзаттың жағдайын жақсартатын ғылымның негізін қаладым деп есептейді. Алайда осы ғылымды ары қарай дамыту үшін басқа да көп тәжірибе қажет. Қарсы себептер: адамдардың игілік үшін еңбегі оларды жеке басының тыныштығынан айырады. Кітап шыққан соң автордың талай оппонентпен дауласуына тура келеді. Ол кез келген дау нәтижесіз және дауласушыларды босқа шаршатады деп есептейді. Ал тәжірибе жүргізуге келетін болсақ, оның нәтижелерін тарату мен пайдалануға байланысты жаңа қиындықтар туындайды. Бір тоқтамға келе алмаған ғалым өз еңбегін екі бөлікке – «Тәжірибелер» мен «Пайымға» бөледі. Бәлкім, бұларды оқығандар оның осы бағытта жұмысты жалғастыруын дұрыс көрер. Өйткені философқа табысты мансап емес, өзінің сүйікті ісімен еркін айналысатын мүмкіндік қана қажет.



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 2. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философия  
Дәріс: 4. Рене Декарт (1596–1650)

## Түсіндірме

Философтың көзі тірісінде оның еңбектері үлкен сұранысқа ие болмағаны белгілі.

## Тәжірибелер

Декарттың ең әйгілі шығармасы «Пайымның» бүгінгі танымалдығы – Ж. Родис-Льюистің мәліметі бойынша, замандастарын ерекше қызықтырған оның «Тәжірибелер» деген ортақ атпен белгілі өзге де шығармаларының қысқаша мазмұндамасы екенін елеусіз қалдырады.

«Диоптрикада» автор бір-бірін нақтылай түсетін тәжірибелер жүргізіп, жарықтың тез таралуы ұсақ бөлшектердің қысымынан болады деп түсіндірді. «Метеорларда» айтылғандай, олардың айналуының нәтижесінде әртүрлі түстер пайда болады. Декарт жарық сәулесінің сыну заңын тұжырымдайды, көздің құрылысын дүрбімен салыстырып, көзілдіріктің көруді неге жақсартатынын түсіндіреді. «Геометрия» нысандарды қашықтықтан қабылдауға мүмкіндік береді, алайда біздің олар туралы пайымдарымыз қате болуы мүмкін. «Метеорларда» табиғаттың кейбір таңғажайып құбылыстары, соның ішінде астрономия ғылымы түсіндіретін кометалар туралы айтылады.

«Геометрияда» арифметикалық есептеу үздіксіз сызықпен байланыстырылады: осының арқасында теңдеу мен қисық сызықтың әр нүктесіне «картезиандық» координаттар негізінде есептелген бір нақты мән сәйкес келеді.

## Әдіс және метафизика

«Әдіс туралы пайым» Декарттың өзге екі шығармасымен арадағы дәнекер іспеттес. Біз мұнда оның әдісінің мазмұны баяндалатын «Ақыл-ойды басқару ережелері» және таным метафизикасының негіздері салынған «Метафизикалық толғаныстар» еңбегі туралы айтып отырмыз. Ғалым өзінің әдісімен де, метафизикасымен де бір мезгілде айналысқандықтан, Ж.Л. Марион тұжырымдаған: «Әдіс пен метафизика арасындағы өзара байланыс қандай?» деген сұрақ пайда болуы мүмкін. Бұл сұрақты өз кезегінде бөліктерге бөлуге болады: әдісті анықтау метафизиканы дамыта ма, әлде оның бар екенін білдіре ме? Әдістің арқасында метафизика жетілдірілді ме? Басқаша айтқанда, әдіс пен метафизика – Декарт ойының жай ғана екі түрлі, мүмкін, бір-біріне тәуелсіз бағыттары шығар? Әлде олар қиылысып, бірін-бірі өзара толықтыра ма?». Соңғы сұраққа Ж.Л. Марион құптаған жауап қайтарады. Әрі қарай ойын сабақтап, Декарт «Әдіс туралы пайымның» логикалық және жылнамалық тұрғыдан алғанда «Ережелер» мен «Толғаныстар», яғни әдіс пен метафизиканың арасындағы дүние екенін дәлелдейді. Бұл – осы әдісті метафизикада қолдану туралы пайымдау, содан кейін метафизика әдістің әрекет өрісіне араласады. Әйтсе де ғылым мен метафизиканың зерделейтін объектілерін бір ғана ортақ әдіспен зерттеуге бола ма? «Пайымның» төртінші бөлімі бесінші және алтыншы бөлімдердегі әдіснамалық принциптерге сүйене ме? Әдіске сәйкес тұжырымдалған картезиандық метафизика мен метафизиканың өзі бір-бірінен несімен ерекшеленеді? Кейбір авторлар, мысалы, Э. Жильсон «Пайымды» кейінірек жазылған, жақсырақ өңделген, демек, тереңірек ұғуға мүмкіндік беретін «Толғаныстардың» көмегімен түсіндіреді. Ж.Л. Марион кейінгі жазылған шығармаға ілгеріде туған еңбектің жай ғана жалғасы ретінде қараудың мынадай зор кемшілігі барын айтады: бұл кезде 1637–1641 жылдары мәтіндердің арасындағы әсіресе адасудың табиғатына қатысты айырмашылық жеткілікті ескерілмеген. «Толғаныстарда» философты жаңылдыратын бір «зұлым данышпанның» бар болуы мүмкін екені айтылады, ал «Пайымда» кез келген қателік әдісті қолданушы адамның жеткілікті мән бермеуінің нәтижесі деп түсіндірумен шектелген. Ф. Альквийе 1637 жылы Декарт өзінің таным метафизикасын әлі қалыптастыра қоймаған деп есептейді. Бұл пікірмен Ж.Л. Марион да келіседі. Өйткені «Пайымда» Декарт сезімдік қабылдауға ғана күмәнмен қарайды, ал 1641 жылғы шығармада күмән ақыл-ойдың қызметіне қатысты да туындаған. «Cogito» – «Мен ойлаймын». Осы мәселе екінші шығармада



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 2. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философия  
Дәріс: 4. Рене Декарт (1596–1650)

едәуір терең қарастырылады. Бұл пікірталас бізге оқырманды екі мәтінді салыстырып, өз пікірін айтуға шақырып тұрғандай көрінуімен де тартымды. Нақ осы себеппен біз де Декарттың қай шығармасы оның ойын ашып көрсетеді және екеуінің қайсысын кітабымызға қосамыз деп көп ойланып-толғандық. Біздің пікірімізше, «Пайым» Декарт ойының логикасын көрсетуімен қызықты. Оқырманға автордың ойына ілесіп отыру және өзінше ой қорыту ұсынылады.

Осы көзқарас тұрғысынан алғанда интеллектуалды өмірбаян іспеттес «Пайымның» кейінірек жазылғаны дұрыс болар еді. Алайда біз Әулие Аугустинді зерттегенде де осындай қиындықпен бетпе-бет келген едік. Аугустин өз өмірбаянының белгілі бір сәтінде аялдап, өмірінің өткен кезеңін қорытындылайды. Содан соң жолын жалғастырады. «Құдай қаласы жөніндегі» трактат «Тәубеден» бірталай уақыт кейін жазылған. Осы секілді «Толғаныстарды» да «Пайыммен» салыстырғанда жаңа деңгейге көтерілу деп бағалауымызға болады.

## Аугустин мен Декарт

Аугустин мен Декартты салыстыру өте қызықты. Өйткені француз философының «Мен ойлаймын, демек, мен өмір сүремін» деген атақты тұжырымын Аугустиннен алған-алмағанын Декарттың замандастары мен кейінгі оқырмандары ойшылдың өзінен де, өз-өздеріне де қойып келеді. Анығында, ежелгі философ «Құдай қаласы жөніндегі трактатының» XI кітабының 26-тарауында тіршілікті ойдан пайда болды деп топшалайды. Сол дәуірдің өзінде-ақ, 1637 жылы Марен Мерсенн Декарттың cogito-сы мен Аугустин шығармасының осы тұсының ұқсастығын көрсеткен.

Марен Мерсенн – белгілі ғалым, физик. Бірақ ол ғалымдығымен емес, ұзақ жылдар бойы түрлі елдердің ғалымдары арасында хат-хабар алмасуға себепкер, XVII ғасыр «Интернеті» іспеттес болғанымен белгілі. Декарттың сенімді досы. Мерсеннді жұрт Декарттың Париждегі резиденті, картезиандықтардың деканы деп атаған. Бірақ Декарттың өзі бұл ойды Аугустиннен алғанын теріске шығарады. 1644 жылы Месланд әкейге жазған хатында: «Сіз маған Әулие Аугустиннің шығармасынан менің ойымды нығайта түсетін үзінділерді көрсетіңізші», – деп жазады. Философтан осы жайт туралы одан бұрын да бірнеше мәрте сұраған. Әйтсе де Декарт өз философиялық жүйесінің Аугустин жүйесіне ұқсастығын үнемі жоққа шығарып отырған. Кейін де философия тарихшылары «Тәубенің» авторы оның іліміне тікелей ықпал еткенін Декарт неге мойындамай өтті деген сұрақты қоюдан ешжалыққан емес. Мысалы, Женевьева Родис-Льюистің пікірінше, «көпшілік мойындаған аугустинизмнің жаңғырығы ғана болып қалуды қаламаған Декарт картезиандық іліммен ұқсастығына қарамастан, гиппондық ойшыл метафизикасының бірегейлігін замандастарының өздеріне қалдырған дұрыс деп санайды». Осы болжамды растайтын дәлел – XVII ғасырдың екінші жартысында аугустинизм мен картезиандық ілімнің арасында, негізінен, Декарт ілімінің шеңберінен шықпаған, өзінше одақтың қалыптасуы. Осы жайтқа кеңінен қарасақ, философияның алдында тұрған мәселелердің өзгермейтіні жайында айтуымызға болады. Философияның дамуы – жаңа сауалдардың қойылуы ғана емес, сондай-ақ ескі философиялық мәселелерден жаңа өзара байланыстар табу. «Тәубе» мен «Құдай қаласы жөніндегі трактаттағы» Құдай жайындағы негізгі мәселе Декартта да үнемі кездеседі. Бірақ Декарттың пайымдау логикасы Аугустин логикасына мүлдем кереғар. Аугустинде ой мен нақты дүние Құдайдың бар екенінен туындайды, ал Декарт Құдайдың болмысы туралы дәлелдерін логикалық және рационалды пайымдаулармен негіздейді.